

бұл жақсы көрсеткіш. Еуразиялық медиафорум да қазақстандық БАҚ-тың беделіне оңтайлы әсер етіп жатқан жоба. ТМД аумағында мұндай жоба жоқ.

Алаш көсемсөздері айтып кеткен газет — мерзімді басылым. Көнеде Юлий Цезарь «Сенат оқиғаларын» жарияласа, римдік газеттер болса оқиғалар хроникасын қысқаша тақталарға басып шығарған. Осыдан 1103 жыл бұрын Қытайда «Астаналық жаршы» жарық көріпті. Газет атауының шығу төркіні де қызық. Күнделікті қоғамдық ақпарат парақшасын итальяндықтар gazzetta аталатын ұсақ монетаға сатып алып отырған. [4, 51] Міне, газет деген сөздің шығу тарихы сонау ежелден басталған екен.

Мемлекетіміздің унитарлық сипатына, ұлттық егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке, қоғамдық мүддеге, денсаулық пен моральдық құндылықтарға қарсы басылымдардың елімізде шығарылуы немесе шетелдерден елімізге кіргізілуі мәселесі БАҚ туралы заң актілерінде қарастырылуы және Үкіметтің қажетті шараларды қолдануы нақтылануы тиіс. Себебі ақпараттық қауіпсіздік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Аллаберген. Қазақ журналистикасының тарихы [Электрондық ресурс]: (1870- 2008 жылдар) / Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев. - Алматы: Білім, 2010.
2. Г. Әлімбек. Сөз мағынасы және ақпарат. -Алматы 2006 ж.
3. Әуе толқынында - Қазақ радиосы. Жинақ. Алматы, Нұрлы әлем, 2001.
4. С.Х. Барлыбаева. «Развитие информационного общества в мире и в Казахстане». Учебное пособие –Алматы. 2006 ж.

## ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТІ ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

*Мұхан С.М., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының I курс магистранты*

*Ғылыми жетекші - А.И. Бирманова, Phd докторы, қауымдастырылған профессор  
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

Мемлекет қоғамдық істерді басқару органы бола отырып, көп түрлі қызметті жүзеге асырады. Онда экономикалық, саяси, әлеуметтік- мәдени және басқа қатынастар мен үрдістер жүзеге асырылады. Мемлекет айналасының бәрі қоғам және өзі үшін бірінші реттегі мәнге ие болмайды. Сондықтан қоғам істерін басқарудағы іс жүргізудегі рөлін, осындай басқарудың мақсаттарымен, сонымен бірге мемлекетпен қорғалатын әлеуметтік және өзге де құндылықтарды анықтау үшін мемлекет қызметінің басты негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігі туындайды.

Функция заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Осы тұрғыдан мемлекеттің, үкіметтің, мемлекет аппаратының функциясы деген заңды ұғым қалыптасады. Функция деген ұғым латын тілінде (unctio) орындау деген мағынаны білдіреді, көбіне математика, физиология, лингвистика салаларында кеңінен пайдаланылады. Функция ұғымы мемлекет және құқық теориясында да кеңінен пайдаланылады.

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттары мемлекет функциясы деп аталады. Мемлекет функциясы оның ел ішінде де, халықаралық аренадағы тұрақтанған пәндік - тәжірибелік қызметін сипаттайды. Мемлекеттің атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын әлеуметтік, саяси, экономикалық және өзге себептерге өмірлік қажеттілік ретінде қарастырылады. Қандай да функцияны атқару қоғам үшін де, мемлекет үшін де кейбір қиындықтарды туғызады. Барлық мемлекеттер үшін елдің қорғаныс қабілеттілік функциясын

тұрақтандыруға, басқа мемлекеттермен жақсы қарым – қатынас орнатуға тырысады. Осы функцияны дұрыс орындамаған жағдайда мемлекет елді басқару құқығынан толық немесе уақытша айырылуы мүмкін.

Мемлекеттің функциясы туралы мәселе мемлекеттің қызмет етуі мәселесімен парапар келеді. Мемлекеттің қызмет етуі мемлекет қызметінің түрлерін қамтыса, ал мемлекеттің функциясы мемлекеттің кейбір қызметтерін ғана қамтиды. Қандай да бір қызметті мемлекеттің функциясы деп есептеу үшін кейбір критерийлерді есепке алу қажет. М.Т. Баймахановтың ойы бойынша ол критерийлер екеу: біріншіден, мемлекеттің жеке функцияларын қалыптастыру үшін бастапқыда оның қызметінің мына түрлері алынады:

- мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша;
- тұрақты, мемлекеттік құрылымға сәйкес орындалатын;
- жеке бағыт ретінде қалыптасқан немесе басқа бағыттардан бөлініп шыққан,

олармен бірге ешқандай бірлігі жоқ.

Екіншіден, мемлекеттің қызмет етуінің негізгі емес, қосымша, саясат сұрақтарының қосымшалығы мемлекет қызметінің бағыттары мен үйлесу арқылы мемлекеттің түсінігіне кіреді. Мемлекеттің барлық функциясының жиынтығы өз мазмұны бойынша мемлекеттің қызмет етуінің бірнешеуі болып келеді [1, 12].

Қазақстандық ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраеваның ойынша, мемлекеттің қызметтері дегеніміз - қоғамды басқарудағы мемлекеттің өзінің алдына қойған міндеттері мен мақсаттары, әлеуметтік тағайыны мен мәнін білдіретін, өздеріне ғана тән формалары, өздеріне ғана тән әдістер арқылы атқарылатын әрекеттері және олардың негізгі бағыттары. Мемлекеттің қызметтері қатып қалған және ешбір өзгермейтін қатаң құбылыс емес, қайта олар өзгермелі, өзгерістерге жиі ұшырайтын құбылмалы болып келеді. Демократиялық мемлекеттің негізгі мақсаты – қоғам үшін, қоғамдағы адамдардың топтары үшін, қоғамның дамып өркендеуі үшін қызмет атқару болып табылады. Қоғам - өте күрделі құбылыс. Қоғамның негізгі тірегі - өндіріс. Өндірісті ұйымдастырып, дамыту үшін мемлекет те, адамдардың бірлестіктері де, жекелеген адамдар да қажетті іс-әрекет жасап отырады [2, 42]. Бұл салада мемлекеттің істейтін қызметі сан алуан. Мемлекет өзіне қарайтын кәсіпорындарды тікелей басқарып, олардың жұмысын реттеп отырады. Мемлекеттің меншігінде табиғи байлықтар да болуы мүмкін. Сондықтан мемлекет өз меншігіне жататын объектілерді тікелей басқарып реттейді, ал мемлекеттік емес меншік түрлерін жана малап реттейді. Демек, қалай да болса шаруашылықты ұйымдастыру және реттеумен шұғылданады. Осыған байланысты мемлекеттің экономиканы ұйымдастыру, басқару, реттеу функциясы болады. Қандай да болсын қоғам түрлі топтар мен әлеуметтік топтардан тұрады. Мысалы Қазақстанда, көптеген ұлттар тұрады. Олардың арақатынасын реттеу – негізінен, мемлекеттің міндеті. Осы заманғы мемлекеттердің бәрінде де ең маңызды қызметтер экологиялық қызмет болып табылатындығын атап өтуіміз керек. Осылай көңіл бөліп атап көрсетуіміздің себебі адамзат баласының қазіргі кездегі тіршілік ету әрекетінің қоғамдық масштабта табиғатқа теріс ықпал жасауынан туындап отыр.

Мемлекет теориясында мемлекет функциясының бөлінетіндігі жайлы мәселе бар. Ол туралы алғаш рет 1968 жылы Л.И. Загайнов кандидаттық диссертация жазған болатын. Оның айтуынша, мемлекеттің функциясы оның нақты мемлекеттік ықпал ету объектісімен байланысты жүзеге асыру мазмұнының, нысандарының және әдістерінің жиынтығын көрсетеді. Бөлінетін мемлекеттің функциясына келесі компоненттер жатады: мемлекет функциясының субъектілігі; мемлекет функциясының мазмұны; мақсаты мен міндеттері; мемлекеттен бөлінетін және олардың орындалуын қамтамасыз ету үшін өкілеттіліктердің көлемі [3, 85]. Мемлекет функциясының мазмұны қоғам өмірінің белгілі бір саласына белсенді және мақсатқа сай ықпал етеді. Ол ықпал әртүрлі болуы мүмкін: біріншіден, халықтың мүддесіне сай келетін қоғамдық қатынастарға әсер ету, бекіту, даму және жетілдіру; екіншіден, қоғамның дамуына кедергі болатын қатынастардың алдын алу және жою; үшіншіден, мемлекет жаңа және прогрессивті бекітулер үшін ықпал жасайды.

Мемлекет функциясының субъектілігі туралы М.Т. Баймахановтың пікірінше екі деңгейдегі шешімге ие: біріншіден, жалпы субъект – әрбір функцияның субъектісі толығымен мемлекет болады; екіншіден, нақты субъект - функцияның субъектісі мемлекеттік құрылымдар болып табылады. Мемлекеттің функциясын жүзеге асыруға барлығы қамтылған немесе кем дегенде көптеген мемлекеттік органдар тартылған. Мемлекеттік органдардың жеке функцияларды жүзеге асыруы бірдей емес. Мемлекет функциясын орындау үшін сәйкес органдарға міндеттер жүктеу арқылы, оларға өкілеттіліктер беріледі. Мемлекеттің функциясының мақсаты мен міндеті мемлекет функциясының компоненті болып табылады. Бұл мақсаттар мен міндеттер жалпы мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді. Мемлекет функцияларын жүзеге асыру ерекшеліктерін ашуды мемлекеттің функцияларын жүзеге асыру нысандары мен тәсілдеріне талдау жасау арқылы жүргізу қажет. Соңғылары әртүрлі позицияда қарастырылады – заңи, социологиялық, саясаттанушылық, нақты басқарушылық. Заңи позиция бойынша мемлекеттің функцияларын жүзеге асырудың құқықтық және құқықтық емес нысандары мен тәсілдерін бөліп көрсетуге болады. Құқықтық тәсілдерге келесілер жатады: заң шығарушылық, мемлекеттік басқару, әділсот және мемлекеттік бақылау. Бұл конституцияға қайшы келетін құқықтық емес заңдар ережелері, басқару актілері немесе әділ емес сот шешімдері қабылданбайды дегенді білдірмейді. Әлемнің барлық дерлік мемлекеттерінде қолданымдағы заңнамаға тікелей қайшы келетін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау жағдайлары кездесіп отырады. «Құқықтық тәсілдер» терминін қолдану бұл тәсілдердің құқықтық болып табылатындығын білдіреді, себебі олардың пайдаланылуы нақты бүге-шігесіне дейін құқықпен реттелген және мемлекеттік биліктің әртүрлі тармақтарының ерекшеліктеріне байланысты [1, 73].

Заңдардың лек-легімен шығарылуы объективтік себептермен – мемлекеттің, нақты айтқанда заң шығарушы орган қызметінің белсенділігінің артуымен себептелген. Мемлекеттік басқару - бұл мемлекеттің, оның органдарының, лауазымды тұлғаларының атқарушылық-өкімгерлік, әкімшілік қызметі. Ол, ең алдымен, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтиды, алайда басқаруды жүзеге асыру үшін жалпы және жеке сипаты болатын нормативтік актілерді (заңға тәуелді актілерді) шығару да талап етіледі. Бүгінде мемлекет функцияларын жүзеге асырудың бұл нысаны басым маңызға ие, себебі қазіргі мемлекеттерде атқару билігі шешуші маңызды иеленіп отыр. Атқарушылық аппараттың өзінде кәсіпқой-технократтар басым жағдайды иеленеді. В.Е. Чиркиннің куәлік етуі бойынша, «жұмыс істеуші тұрғын халықтың көп бөлігі мемлекеттік аппаратта жұмыс істейді»[4,115].

Әділ сот – қылмыстық, азаматтық, шаруашылық және өзге де істер мен дауларды қарау, яғни қоғамдағы шиеленістерді шешу түрінде мемлекеттің функциясын жүзеге асырудың өзіндік нысаны. Соттардың басты мақсаты - адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру. Өзге заңи мекемелер мен тұлғалар (прокуратура, адвокатура, нотариат, сот сарапшылары және т.б.) сотқа тек көмектесуші ғана болуы мүмкін. Мемлекеттік бақылаудың немесе мемлекеттің бақылаушылық қызметінің түрлі нысандары бар. Мәні бойынша мұндай қызметті төменгі тұрған органдарға қатысты жоғары тұрған мемлекеттік органдардың барлығы жүзеге асырады. Мысалы, елімізде заңның орындалуын қадағалайтын ҚР Прокуратура органы және Конституцияның орындалуын қадағалайтын ҚР Конституциялық Кеңес органдары бар. Мемлекет функциясын жүзеге асыру кезінде бақылаудың өзгешелігі мынада болады: әдетте бақылаушы органдар бақыланудағы объектілерге тікелей нұсқаулар мен бұйрықтар бере алмайды. Бұған қоса кейбір бақылаушы органдар лауазымды тұлғаларға жаза белгілеуі, бақылаудағы объектілердің қызметін уақытша тоқтата тұруы мүмкін.

Мемлекет функциясын жүзеге асырудың құқықтық емес нысандары жеткілікті түрде сан алуан болып табылады, олар құқыққа қайшы болмауы тиіс. Біз мемлекеттің функциялары қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы мемлекет қызметінің негізгі бағыттары деген анықтаманы қолдаймыз. Расында да, мемлекет өз функцияларын атқара

отырып, қоғам өмірінің негізгі салаларына ықпал жасайды, ол үшін белгілі бір бағытты ұстанады, сол арқылы белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырады. Жаһандану кезеңінде мемлекеттік функцияларды бірнеше мемлекеттің келісіп, бірігіп орындауы, уақытша немесе тұрақты одақтар құрып шешуі кеңінен етек жаюда. Мемлекеттің тұрақтылығының, оның орнықты қызмет етуінің шарты болып тұтастай бүкіл қоғамның атынан өкілдік ету және оны дамыту табылады.

Бүкіл қоғамның жоғарғы өкілдігі функциясын жүзеге асырмай және оның бірігуін қамтамасыз етпей, мемлекеттің мәні жоққа шығарылады, мемлекеттің механизмі бірыңғай жүйе ретінде қызмет етуін тоқтатады. Өзінің функцияларының көмегімен мемлекет, қоғамның пісіп – жетілген қажеттіктерін қанағаттандыруы, ұзақ мерзімдік негізде объективтік түрде қалыптасқан көптеген міндеттер мен мақсаттарды орындауы тиіс.

Мемлекеттің қоғам істерін басқарудың күрделі және көп қырлы қызметі бір уақытта біреу емес, бірнеше функцияның жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Әрбір функция қоғам өмірінің негізін құрайтын – экономика, саясат, әскери құрылыс, экология және тағы басқалар белгілі бір қоғамдық қатынастардың саласына қатысты жүзеге асады.

Мемлекет функциясы термині оның әлеуметтік мақсаты көрінетін мемлекет қызметінің негізгі, маңызды бағыттарын айқындау үшін қолданылады. Құқықтық мемлекетте заңшығарушы, атқарушы, және сот билігінің негізгі бағыттары ортақ табиғатына ие. Олардың бірінші кезектегі мақсаты қоғамның жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету.

Мемлекет функциясының мәні, мемлекеттің қоғамдық дамуының және елдің түрлі деңгейлерінің мүдделерін қанағаттандыру үшін негізгі сұрақтарды шешудегі нақты рөлін көрсетеді. Мемлекет функциялары мемлекеттің қандай да бір даму деңгейіндегі мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттарды бекітеді және осы мақсаттарға жету жолдарын іздейді. Мемлекет мақсаттарының мазмұны түрлі ішкі және сыртқы факторлармен анықталады. Мемлекеттің функцияларына тән бірқатар ортақ белгілер: әрбір функцияның мазмұны мемлекет қызметінің біртектес аспектілерінің жиынтығынан құралады. Мемлекет қызметінің ұқсас жақтары олар әсер ететін қағамдық қатынастардың мәні мен мамандануы бойынша бір функцияға бірігеді. Көптеген мемлекеттік органдардың белгілі бір қызметке арналған функцияларына қарағанда (қаржылық, прокуратура) мемлекет функциялары оның қызметін толық қамтиды. Бұл мемлекеттік органдар мемлекеттің белгілі бір функцияларын жүзеге асырған кезде, мемлекеттің негізгі мақсаттарын шешуде жетекші рөлді алады (қарулы күштердің қауіпінен елді қорғау функциясындағы жетекші рөл). Мемлекет функцияларын уәкілетті орган және мемлекеттің түрлі органдары жүзеге асырататын мемлекеттік қызмет түрлерінен ажырата білуі керек. Егер мемлекет функцияны бүкіл мемлекеттік аппарат және әрбір органның жұмысын тәуелді мемлекет қызметінің негізгі, қоғамға маңызды бағыттарын анықтаса, бөлек мемлекеттік органның функцияларында мемлекеттің әлеуметтік бағыты мен мәні әрдайым өз көрінісін таппайды[5,105].

Мемлекеттің белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған бүкіл функционалдық қызметі: адамды материалдық және физикалық қамтамасыз етуі, тұлғаның мейлінше деңгейде құқықтық және әлеуметтік қорғауы. Мемлекет әрдайым тұлғаның заңды мүдделерінің жоғарғы сақтаушысы мен қорғаушысы ретінде болуы керек. Тұлға арқылы мемлекет қоғамдық прогреске жетеді және көмектеседі, қоғамдық қарым – қатынастың жүйесін қалыптастырады және толықтырып отырады.

Мемлекет функциялары оның қоғамдық өмірдегі мәні мен рөлінен шығатын қызметінің негізгі бағыттары. Егер ежелгі дүниеде немесе орта ғасырларда мемлекет құлдар мен шаруалардың қарсылығын басу, оларды эксплуатациялауға қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету секілді топтық функцияларды белсенді жүзеге асырса, қазіргі дамыған демократиялық мемлекеттерде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен, қоғамдық тәртіпті қадағалаумен, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Мемлекет

функциялары кешенді, жинақтаушы мәнге ие. Оларда мемлекеттің ішкі және сыртқы қызметіндегі басты шешімді бағыттарындағы жиынтығы пайда болады. Мемлекет функцияларын уәкілетті орган мен мемлекеттің түрлі органдары жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет түрлерінен ажырата білу керек.

Өзінің бағытына сәйкес мемлекет, әдетте, өз қызметін белсенді атқарады, яғни қоғамдық өмірдің маңызды салаларындағы істердің жағдайына белгілі дәрежеде ықпал етеді. Осындай тіршілік ететін неғұрлым тұрақты және салыстырмалы түрдегі дербес бағыт мемлекет функциясын құрайды. Оның астарынан мемлекеттануда мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын түсіну қабылданған, онда өзіне қажетті қарым-қатынас тәртібін бекіту мен алға қойған мақсаттарға қол жеткізу ниетін түсіну қиын емес. Мемлекет қызметінің осы негізгі бағыттарының әрқайсысы тұтастық пен оқшаулықтың үлгісін көрсете отырып, белгілі айқындылығымен сипатталады, онда аз мөлшердегі компоненттер мемлекеттің дербес функциясын ерекшелеп тұрады. Мемлекет функциясы мемлекеттің қоғамдық қатынастың қандай да бір саласына белсенді және мақсатты түрде әсер етіп отырады. Мұндай ықпалдың үдерісінде мемлекет бір қатынасты бекітіп, дамытып, жетілдіруге тырысса, екіншісін бейтараптандырып немесе тіпті жеңіп шығады, үшіншісінің жаңадан пайда болуына мүмкіндік тудырады және т.б. Мемлекеттің ықпал ету объектісі болып табылатын бұл қатынастар бір функцияны екіншісінен ерекшелейтін белгі ретінде саналады. Функцияның нақты мағынасы өзіне лайық нысанға ие болуға мұқтаж. Нысан түсінігі көп мағыналы, оның құрамына функцияны жүзеге асыруға жүктелген мемлекеттік органдардың жүйесі сияқты және онымен құқықпен байланысты қызметте (құқықшығармашылығы, құқықты жүзеге асыру және құқық қорғау) кіреді. Мемлекет функциясын жүзеге асыру әдісі сияқты мынандай компонентін бөліп көрсету керек:

- сенімді және мәжбүрлеуді.
- басқаруды орталықтандырудың және орталықсыздандырудың бастауын.
- авторитарлық пен қоғамдық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлық варианттарын еркін таңдау қағидаттарын түсінуге болады [6, 75].

Мемлекеттердің көпшілігінде функцияны ішкі және сыртқы деп күрделі екі топқа бөледі. Мемлекеттің ішкі функцияларына қоғамның ішкі өмірінің ірі салаларына мемлекеттік ықпал ету немесе мемлекеттік басқару бағыттарын жатқызуға болады. Мемлекеттің ішкі функциялары – оның алдында тұрған ішкі міндеттерді шешудегі қызметінің негізгі бағыттары. Мемлекеттің ішкі функцияларын топтастыру мемлекет қызметінің салалары бойынша жүргізіледі. Билік нысанына және мемлекеттік құрылымына қарамастан әрбір мемлекет негізгі ішкі функцияларын жүзеге асырады. Әрбір мемлекет қазіргі экономикалық, әлеуметтік, қорғау және бақылаушылық мәселелердің бірқатарын шешеді. Ішкі функцияларға мыналар жатады: адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету функциясы, экономикалық функция, әлеуметтік қорғау функциясы, экологиялық функция және мәдени функция.

Саяси саладағы мемлекет функциялары болып, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Азаматтардың ар – намысын құрметтеу, құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен бірге тұлғаның үйлесімді жан – жақты дамуын қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеті және мақсаты болып табылады. Мемлекет өзінің заң шығарушы актілерінде адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын белгілейді және олардың кепілдіктерін қамтамасыз ету жүйесін құрайды.

Осылайша, функцияның құрамына мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде (өзінің басты компонентінен) басқа жүктелген міндеттерді шешудің нысандары (ұйымдастыру, кадр және құқықтық) мен әдістері, сондай-ақ мемлекеттік ықпал ету объектілері (қоғамдық қатынастардың қандай да бір түрлері) жатады. Аталған компоненттерді тұтас қалпында анықтап алғанда ғана мемлекет функциялары туралы ұғым қалыптастыруға болады. Қазақстан Республикасының орындайтын функциясы, яғни

оның қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері, мемлекеттің өз қызметі ретінде түсіндіріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Баймаханов М.Т. К разработке современной концепции функций государства // Правовая реформа в Казахстане. –2001. –№ 4. –С.12-18.

2. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық.– Астана: Фолиант, 2014.–212б.

3. Загайнов Л.И. Экономические функции Советского государства. – М.: Юрид. лит.,1968. –263 с.

4. Чиркин В.Е. Государственное управление. Элементарный курс. –М., 1997.– 352 с.

5. Палазян А. С. Проблема определения системообразующих функций государства //

История государства и права. – 2007. – № 14. –С. 105-110.

6. Баймаханов М.Т. Функции государства в условиях современного мира (материалах независимого Казахстана).- Алматы: Изд. Дом КазГЮУ,2005.– 99с.

## ЕЛІМІЗДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Оралбаев Н.К. з.ғ.м., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Мемлекеттің заңнамасына тұрғындардың көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін, қайтсе де заңнама олардың құқықтық іс-әрекеттерінің басты өлшемі болып табылады. Заңнама бойынша әртүрлі маңызды қоғамдық қатынастар әртүрлі әдістермен, өзара айырмашылықтары бар ережелермен реттеледі, бірақ қарапайым азамат үшін маңыздысы ол емес, ол ертең мемлекет тарапынан жағымсыз жағдайға түспеуі үшін заң оның қай әрекетін дұрыс, қайсысын бұрыс санайды, соны білгісі келеді, яғни заңнаманың болуының өзі қоғамда тіршілік етудің жалпы заңдылықтарын анықтайды.

Адам бұл дүниеге индивид болып келеді де, қоршаған ортасының және өзінің жеке басының ерекшеліктерінің түйісуі нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Оның тұлға ретінде қалыптасу үрдістерін әлеуметтану ғылымы зерттейді. Әлеуметтену индивидтің қоғамға кіру қабілеті мен мүмкіндігін ғана анықтап қоймайды, сондай-ақ қоғамның тұтастығын, жаңару әлеуетін, дамуын, сәйкесінше, тіршілік етуін де қамтиды.

Құқықтық әлеуметтену – күрделі үрдіс. Құқықтық әлеуметтену жалпы әлеуметтенудің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады. Ол адамның саналы өмірі бойы үздіксіз өтетін үрдіс болып табылады. Құқықтық әлеуметтену – бұл адамның қоғамдық-құқықтық өмірге бейімделуі сәтті өтуі үшін қажетті құқықтық білімдер, құндылықтар мен ережелер жүйесін меңгеру үрдісі.[1,279] Оның нәтижесі болып индивидтің өзінің әлеуметтік мүдделері үшін ғана емес, өзі субъектісі болған тұтастай қоғамдық-тарихи үрдіс үшін маңызды мәдени-құқықтық мұраның бір бөлігін қабылдауы табылады. Өзінің әлеуметтік тобының тіршілік ету ережелеріне ортақтаса отырып, адам әрекеттегі әлеуметтік-құқықтық ережелерден кез келген ауытқушылықтарға жақтырмау көзқарасын білдіре бастайды және әрекеті қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған күштерге қарсы тұруға қатысады. Керекті құқықтық дағдылар мен біліктерді ала отырып, ол қоғамдық қатынастардың өзге қатысушыларымен өнімді әрекеттесіп қана қоймай, сонымен бірге өз мәртебесін бекіте, тіптен, көтере де алады, яғни өзінің әлеуметтік рөлін сәтті орындайды.

Кейбір заңгерлер құқықтық әрекетті билік тарапынан жалпыға қаратылған бұйрық, талаппен анықталады деп есептейді. Заңды білмеу заңдық жауапкершіліктен құтқармайтындығы ұстанымына байланысты ешкімге заңға білместік желеуімен